

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

және әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу кіреді. Мемлекет ұлттық құрылыста шешуші рөл атқарады, құқықтық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ ұлттық экономиканың дамуына жағдай жасайды. Алайда, табысты ұлттық құрылысқа жету жолында түрлі проблемалар мен сындар туындауы мүмкін. Ұлттық құрылыстың сәттілігіне әсер ететін факторларды ескеру және басқа елдердің табысты тәжірибесінің мысалдарын зерттеу маңызды. Жалпы, ұлттық Құрылыс-бұл қоғамның барлық мүшелерінің қатысуын және үнемі даму мен жетілдіруді қажет ететін күрделі және көп қырлы процесс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Национализм и формирование наций: Теории-модели-концепции: [Сб. ст.] / Рос. АН, Ин-т славяноведения и балканистики, Междунар. фонд югослав. исслед. и сотрудничества "Слав. летопись"; Отв. ред. А. И. Миллер. - Москва: Б. и., 1994. - 194,[3] с.; 20 см.

2. Кимлика У. Современная политическая философия. Введение. М.: Изд. дом Гос. ун-та – Высшей школы экономики, 2010. 592 с

3. Кевлиан Р. Теории национализма: общий обзор и применимость к Центральной Азии [Электронный ресурс]: доклад, прочитанный 01.03.2006 г. на семинаре «Билима» – Центрально-Азиатского ресурсного центра по политической науке. URL: <http://pandia.ru/text/77/148/3743.php> (дата обращения: 31.08.2016).

ӨОЖ 32.327

ЕУРОПАЛЫҚ АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ТРАНСАТЛАНТИКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ САЯСАТЫ

Қанатбаева Гүлдана Самалбекқызы

guldanakanatbayeva@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – П.К. Қилыбаева

Аңдатпа. Мақалада Еуропалық аймақтық және трансатлантикалық ұйымдардың Орталық Азияда аймағындағы саясаты қарастырылады. Қауіпсіздік, білім беру және энергетика салаларындағы өзара іс-қимылдың негізгі аспектілері талқыланады. Орталық Азия аймағының халықаралық қатынастардағы рөліне талдау жүргізілген. Бар сын-қатерлерді шешуде, диалог пен ынтымақтастықтың маңыздылығын арттыруда Еуропалық Одақтың, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының және НАТО-ның рөліне тоқтала отырып, осы ұйымдар мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың бағыттары атап өтіледі.

Түйін сөздер: *Орталық Азия аймағы, Еуропалық аймақтық және трансатлантикалық ұйымдар, саясат, ынтымақтастық.*

Әлемнің ірі акторларының (Ресей, АҚШ, Қытай, ЕО) мүдделері тоғысқан нүктесі және ең ірі өркениеттерінің байланысы, өзара енуі және соқтығысу өрісі көрініс табатын – Орталық Азия аймағы қазіргі халықаралық қатынастарда маңызды рөл атқарады. Орталық Азия аймағының бүгінгі таңдағы халықаралық қатынастардағы өзектілігі келесі негізгі факторларға байланысты болып табылады:

1. геосаяси жағдайының динамикасы;
2. маңызды табиғи ресурстарының болуы, бірінші кезекте энергетикалық ресурстардың болуы;
3. жоғары транзиттік әлеует және әлемнің маңызды аймақтарын байланыстыратын көлік инфрақұрылымын дамыту мүмкіндігі.

Белгілі британдық журналист, жазушы және Орталық Азия зерттеушісі Питер Хопкирк аймақ туралы: «Бүгінде Орталық Азияда аймақтан тыс орналасқан елдер арасында жаңа талас өршуде. Саясаттанушылар мен авторлар оны жаңа Ұлы ойын деп атайды. Өйткені, Орталық Азияда XX ғасырдағы ең үлкен қазыналардың бірі – Сауд Арабиясы мен Парсы шығанағы басқа елдерінің әлеуетінен әлдеқайда жоғары мұнай мен табиғи газдың фантастикалық қоры бар екені ешкімге күпия емес. Бұған алтын, күміс, мыс, мырыш, қорғасын, темір рудасы, көмір мен мақта қосылса, сыртқы күштердің Орталық Азияның жаңа билігіне неліктен соншалықты бейім екені белгілі болады.» - деп жазған болатын. Яғни, бүгінгі таңда Орталық Азия аймағының геосаяси картасы таңғаларлық алуан түрлілігімен ерекшеленетініне көз жеткізе аламыз. Аймақ осындай ерекше геосаяси маңызын сақтап отыр [1, 18-19 б.].

Жоғарыда аталған факторларға байланысты, Орталық Азияға жеке мемлекеттерден бөлек, халықаралық аймақтық ұйымдардың тарапынан қызығушылықтарының артуы және сол ұйымдардың аймақтағы қызметінің белсенділігі сөзсіз байқалады. Мәселен, Еуропалық аймақтық және трансатлантикалық ұйымдарың (НАТО және ЕҚЫҰ) – Орталық Азия елдерінде саяси үдерістерге ықпал етуге ұмтылысы зерттеу мәселелерінің маңыздылығын айқындайды. Аталған ұйымдардың Орталық Азиядағы саясатының стратегиялық мақсаттарын, негізгі бағыттары мен басымдықтарын, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың негізгі құралдары мен тетіктерін зерттеу ерекше маңызға ие.

Әйгілі британдық географ және тарихшы Х.Дж.Маккиндер өзінің кейінгі «Демократиялық идеалдар мен шындықтар» атты еңбегінде «негізгі аймақты» «Heartland» («негізгі жер», «орта жер») ұғымымен ауыстырады. Содан кейін оның әйгілі формуласы пайда болады: «Шығыс Еуропаны басқарушы, негізгі жерге билік етеді; Негізгі жерді басқарушы, сол Дүниежүзілік аралға (яғни, Еуразия мен Африкаға) билік етеді; ал Дүниежүзілік аралды кім басқарса, сол әлемді басқарады» [2].

Х.Дж.Макиндердің көзқарастары әртүрлі вариациялармен американдық Н.Спайкмен мен неміс К.Хаусхофер секілді бірқатар атақты геосаясаткерлердің еңбектерінде көрініс тапты. Олардың көзқарастары Батыста әлі де танымал және Батыс қоғамдастығы мемлекеттерінің Орталық Азия аймағына қатысты стратегиялық бағытының қалыптасуына қандай да бір жолмен әсер етуді жалғастыруда.

Орталық Азия мемлекеттері мен Еуропалық аймақтық және трансатлантикалық серіктестері арасындағы ынтымақтастық екі жақтың сыртқы саяси қызметінің маңызды аспектісі болып табылады.

1 кесте

Орталық Азия мемлекеттері мен Еуропалық аймақтық және трансатлантикалық серіктестері арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыттары

<i>Әскери-саяси</i> ынтымақтастық: халықаралық терроризмге, экстремизмге, заңсыз қару-жарақ пен есірткі тасымалына, заңсыз көші-қонға және адам саудасына қарсы күрес;
<i>Мәдени-гуманитарлық</i> ынтымақтастық: TEMPUS және Erasmus Mundus, ACCELS/IREX бағдарламалры аясындағы білім беру жобалары/тәжірибе және тіл курстары; Еуропа күні мен кинофестивальдерді өткізу;
<i>Әлеуметтік-экономикалық</i> ынтымақтастық: инфрақұрылымды дамытуға техникалық көмек көрсету, инвестицияларды қамтамасыз ету, сауда қатынастарын кеңейту, отын-энергетикалық ресурстарды өзара тиімді пайдалану.
Дереккөз: Акматалиева А. М. Трансатлантическое партнерство по вопросам безопасности в Центральной Азии : автореферат дис. ... кандидата политических наук : 23.00.04. - Бишкек, 2011.- 14 с.

Соңғы онжылдықта, стратегиялық маңызды Орталық Азия аймағында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ұмтылысты көрсететін Орталық Азия және НАТО арасындағы серіктестік халықаралық қатынастардың негізгі аспектісіне айналды. Көптеген саяси және мәдени көзқарастардағы айырмашылықтарға қарамастан, лаңкестікпен күрес, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, аймақтық тұрақтылықты нығайту және экономикалық дамудағы ортақ мүдделер секілді факторлар ынтымақтастықтың негізін құрайды.

НАТО Орталық Азиядағы серіктес елдермен – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстанмен ынтымақтастықты тереңдетуді жалғастыруда. Бұл НАТО-ның стратегиялық маңызды аймақтармен сыртқы байланыстарды дамыту саясаты шеңберінде жүзеге асырылады. Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы жалпы еуроатлантикалық қауіпсіздікпен тығыз байланысты деп есептеледі. Орталық Азия қауіпсіздігі мәселесіндегі күрделі сын-қауіптердің кешені өңірдің географиялық орналасуына және көршілес аудандардағы, ең алдымен Ауғанстандағы жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты. Егер аймақты кеңірек қарастыратын болсақ, Ауғанстандағы жағдайдың дамуы Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылыққа тікелей немесе жанама түрде және кері әсер ететіні белгілі болады. 2003 жылы ұйым Ауғанстандағы халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштеріне (ISAF) қолбасшылықты қабылдаған кезде НАТО-ның аймақтағы қатысуы (рөлі) артты деуге болады. Сондықтан НАТО Орталық Азиядағы әріптестерін Ауғанстандағы және жалпы аймақтағы жағдайды дамыту бойынша саяси диалогқа тартты.

Орталық Азия елдері НАТО-ның Ауғанстандағы халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштерінің (ISAF) операцияларына қолдау көрсетті. Қолдау аумақтың үстінен ұшуға рұқсат беруден және НАТО-ның жекелеген мемлекеттеріне әскери базаларды пайдалануды қамтамасыз етуден тұрады. Бұдан басқа, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан (Беларусь, Ресей Федерациясы және Украинамен қатар) Ауғанстанға және одан кері бағытта ұшуға қолайсыз жүктерді тасымалдауға болатын темір жолдар және (немесе) автомобиль жолдары желісін ұсынды. Бұл Солтүстік коалицияның жеткізу желісі Орталық Азия серіктестеріне осы көлік желілерін Ауғанстан мен Орталық Азия мемлекеттерін байланыстыратын, сондай-ақ аймақты Еуропамен байланыстыратын ұзақ мерзімді коммерциялық артерияларға айналдыруға мүмкіндіктер береді деп есептеді.

2 кесте

Орталық Азия елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан) НАТО-ның Ауғанстандағы халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштерінің (ISAF) қолдау операциялары

Қазақстан	2009 жылдың ақпанында Қазақстан АҚШ-қа Ауғанстан аумағында ISAF әскери контингенті үшін азаматтық жүктерді транзитпен өткізуге рұқсат берді [3]. 2010 жылы қаңтарда НАТО елдерінен Қазақстан аумағы арқылы Ауғанстанға жүк транзитіне рұқсат берді [4].
Қырғызстан	2001 жылдың желтоқсанында Қырғызстан Ауғанстандағы ISAF контингентіне әуе жеткізу үшін Манас авиабазасын берді; 2012 жылдың мамырында НАТО Ауғанстандағы ISAF әскери контингенті үшін жерүсті көлігін пайдалана отырып жүктердің транзитіне рұқсат берді [5].

Өзбекстан	2009 жылы Ауғанстандағы халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштеріне (ISAF) жүктерді жеткізу үшін «солтүстік бағдар» деп аталатын жолға қосылу туралы келісім жасалды [6].
-----------	--

Қауіпсіздікті, тұрақтылықты және ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған тағы бір маңызды ынтымақтастық механизмі НАТО мен Орталық Азия елдері арасындағы «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасы болып табылады. Бағдарлама 1994 жылы НАТО-ға мүше емес тәуелсіз мемлекеттермен, соның ішінде Орталық Азия елдерімен диалог пен ынтымақтастықты кеңейту мақсатында басталды. Қауіпсіздік, шекаралық қауіп-қатерлерге қарсы күрес, әскери білім мен оқыту, бірлескен оқу-жаттығулар мен жаттығулар сияқты салаларда ынтымақтасады. Сонымен қатар, бағдарлама серіктестер арасында тәжірибе алмасу, желілік және практикалық ынтымақтастық үшін платформаны ұсынады.

«Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасының шеңберінде НАТО-ның Орталық Азия елдерімен өзара әрекеттесуінің келесі негізгі тетіктері айқындалған:

1. НАТО Орталық Азия елдерінің әрқайсысымен екі жылдық кезеңге әзірлеп жатқан «Жеке серіктестік бағдарламасы».

2. Тәжікстан мен Түркіменстаннан басқа аймақтағы барлық елдер «Жоспарлау және талдау процесіне» қатысады.

3. «Операциялық әлеует тұжырымдамасына» аймақ елдерінің ішінде тек Қазақстан ғана қосылды.

4. НАТО 2006 жылдан бері аймақта тек Қазақстанмен ғана «Жеке әріптестік әрекет жоспарын» әзірлеп келеді.

5. Орталық Азияның барлық елдері «Азаматтық төтенше жағдайларды жоспарлау» (апаттардың салдарын жою жаттығулары) аясында өткізілетін іс-шараларға қатысады.

Бағдарлама шеңберінде операцияларды БҰҰ қамқорлығымен және/немесе ЕҚЫҰ жауапкершілігімен жүргізуге негізделген [7].

Бұл аймақтық ынтымақтастық тек қауіпсіздік саласымен шектелмейді. Сонымен бірге, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық; білім, тәжірибе және мәдени құндылықтар алмасуға; мәдени әртүрліліктің, халықтар арасындағы диалог пен өзара түсіністіктің маңыздылығын мойындауға негізделген. Еуропалық Одақ және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) Орталық Азиямен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бастамаларын белсенді түрде қолдайды.

- Мәселен, студенттер мен зерттеушілер алмасу, білім, мәдениет және өнер салаларындағы жобаларға қолдау көрсету, азаматтық қоғамдар мен мәдениет мекемелері арасындағы байланысты нығайту жатады. ЕО Орталық Азиядағы екіжақты және аймақтық білім беру бағдарламалары мен зерттеулерін қолдайды.

- Өңірлік деңгейде 2017 жылғы Астана декларациясын және Орталық Азиядағы зерттеулер мен білім беру желісін іске асыруды қолдауды қоса алғанда, Орталық Азия білім беру платформасы арқылы білім беруге ықпал етеді.

- Жоғары білім беру саласында 2014-2020 жылдарға арналған «Erasmus» бағдарламасы аясында Орталық Азия үшін 1125 млн еуро бөлінді.

- 2014-2020 жылға дейін 16-шы «Erasmus Mundus бірлескен магистр дәрежесіне» қатысқан Орталық Азия елдерінен 26 мекеме жағдайы тіркелді.

- Орталық Азияның бюджеті бүкіл халықаралық ұтқырлық бюджетінің 4%-ға жуығын құрайды және осы уақытқа дейін 8611 студенттің, ғылыми қызметкердің және қызметкерлердің ұтқырлығын ұйымдастыратын екіжақты серіктестік үшін 1450-ден астам жобаны құруға мүмкіндік берді (2015-2020 жылдар аралығы).

- ЕО екіжақты қолдау арқылы Орталық Азиядағы кәсіптік-техникалық білім беруді қолдайды [8].

Аймақтық ынтымақтастық энергетика, қоршаған орта, су ресурстары және әлеуметтік-экономикалық даму үшін де өте маңызды. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану – өңірдің дамуы мен саяси тұрақтылығының негізгі факторы болып табылады. Еуропалық Одақ 2022 жылдың 17 қарашасында ЕО-Орталық Азия «Тұрақты дамудың жаһандық қақпасы» конференциясында дөңгелек үстел кезінде 2022-2026 жылдарға арналған «Орталық Азиядағы Тұрақты энергетикалық байланыстар» (SECCA) жаңа жобасын іске қосты. Жалпы бюджеті 6,8 миллион еуроны құрайтын SECCA жобасы ЕО-ның озық тәжірибесіне сәйкес Орталық Азия аймағында неғұрлым тұрақты энергетикалық теңгерімді ілгерілетуге бағытталған. Атап айтқанда, жоба Тұрақты энергетикалық жүйеге көшу жөніндегі ұлттық саясатты нығайтуға және өңірдегі жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) және энергия тиімділігі (ЭТ) саласындағы инвестицияларды, әлеуетті және хабардарлықты арттыруға бағытталған [9].

WESCOOP жобасы (2019 жылдың қазанынан 2023 жылдың сәуіріне дейінгі үшінші кезең) ЕО стандарттарына жақындау арқылы Орталық Азиядағы қоршаған орта, климаттың өзгеруі және су саясатын жақсартуға, сондай-ақ адам әсерінен болатын ластануды, соның ішінде көмірқышқыл газының шығарындыларын (CO₂) айтарлықтай азайтуға көмектесу үшін экономиканың тиісті секторларына "жасыл" инвестицияларды ынталандыруға бағытталған. Жобаның қызметі қоршаған орта және су ресурстары саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ЕО-ОА платформасын және оның қоршаған орта және климаттың өзгеруі жөніндегі жұмыс тобын, сондай-ақ климат саласындағы іс-қимылдарға жәрдемдесу үшін Орталық Азиядағы ЕО-ның «Жасыл келісімін» халықаралық өлшеуді қолдауды қамтиды [10].

Жоғарыда аталған жобалар тұрғысынан, жаңартылатын энергия секторындағы жетекші орындардағы Еуропалық аймақтық ұйымдарымен серіктестіктің бұл түрін Орталық Азия елдері үшін жаңартылатын энергия секторын қарқынды дамыту үшін жақсы мүмкіндік ретінде қарастыруға болады.

Қорытындылай келе, Орталық Азия аймағы халықаралық саясат пен экономикадағы маңызды әрі ықпалды акторға айналып, дүние жүзіндегі мемлекеттер мен ұйымдардың аймаққа мұқият назар аударуы қажеттігін көрсетеді. Географиялық алшақтыққа қарамастан, Еуропалық аймақтық және трансатлантикалық ұйымдар аймақ елдерінің геосаяси маңыздылығын және әртүрлі салалардағы ынтымақтастық әлеуетін мойындай отырып, Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынастарын нығайтуға ұмтылуда. Ағымдағы сын-қатерлер мен мүмкіндіктер жағдайында Еуропалық аймақтық және трансатлантикалық ұйымдары мен Орталық Азия өңірлері арасындағы серіктестікті нығайтудың мәні зор.

Еуропалық аймақтық және трансатлантикалық ұйымдардың Орталық Азиядағы саясаты мақсатты, кешенді және көп қырлы (көпжақты) сипатта; стратегиялық маңызды аймақтағы тұрақтылықты, дамуды және ынтымақтастықты қолдауға бағытталған.

Еуропалық Одақ және Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы сияқты еуропалық аймақтық ұйымдар Орталық Азияға қауіпсіздік, экономикалық даму, мәдени алмасу және білім беру салаларында серіктестік пен қолдау көрсетеді. Трансатлантикалық ұйымдар, соның ішінде НАТО да аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайтуға ұмтылып, белсенді түрде әрекет етеді.

Жалпы, ынтымақтастық Орталық Азия елдерінің егемендігі мен мүдделерін құрметтеуге негізделуі тиіс. Диалог пен серіктестік өзара тиімділік негізінде және әрбір қатысушының ерекшеліктерін ескере отырып құрылуы керек. Еуропалық аймақтық және трансатлантикалық ұйымдардың Орталық Азиядағы тиімді саясаты сын-қатерлер мен мүмкіндіктердің сан алуандығын, сондай-ақ ортақ құндылықтар мен мүдделерге негізделген ынтымақтастыққа берілгендікті ескеруді талап етеді. Бұл аймақтар арасындағы өзара іс-қимыл бейбіт және тұрақты дамуға ықпал ете алады және қазіргі әлемдегі жаһандық әріптестіктің маңыздылығын көрсетеді.

Аймақтық бірлік парадигмасын нығайту ағымдағы және болашақ сын-қатерлерге оңтайлы жауап болады деп сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Хопкирк П. Большая Игра против России: Азиатский синдром/ Пер. с англ. И. И. Кубатько.— М.: РИПОЛ КЛАССИК, 2004. – 640 с.: ил.— (Мир тайных войн). Большая игра против России. Азиатский синдром - Хопкирк П. - 2004 (djvu.online)
2. Mackinder H. J. Democratic Ideals and Reality. N.Y. 1942.
3. Казахстан разрешил США транзит гражданских грузов в Афганистан Архивная копия от 7 марта 2014 на Wayback Machine // LENTA.RU от 9 февраля 2009
4. НАТО и Казахстан подписали соглашение о транзите в Афганистан Архивная копия от 7 марта 2014 на Wayback Machine // «Коммерсант» от 27 января 2010
5. Киргизия разрешила НАТО наземный транзит грузов в Афганистан Архивная копия от 7 марта 2014 на Wayback Machine // РИА «Новости» от 23 мая 2012
6. НАТО и Узбекистан. Информационно-аналитический портал: <https://xn--80azer.xn--p1ai/ru/uzbekistan.html>
7. Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы (НАТО) ресми сайты мәліметтері: НАТО - Отношения НАТО и Центральной Азии: введение
8. Еуропалық Одақ ЕО ресми сайты мәліметтері: sotrudnichestvo_evropeyskiy_soyuz_-_centralnaya_aziya.pdf (europa.eu)
9. Жаңа Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы тұрақты энергетиканы дамыту жобасының ресми сайты: https://www.eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/european-union%E2%80%99s-new-project-boost-sustainable-energy-central-asia_en?s=222.
10. Жобаның ресми сайты, Орталық Азиядан келген журналистер Нидерландыда жаңартылатын энергия саласындағы еуропалық тәжірибені зерттегені жөнінде деректер: <https://wecoop.eu/ru/journalists-learnt-european-experience-on-re/>.

ӘОЖ 314.745.4

ЭТНИКАЛЫҚ КӨШІ-ҚОНДАҒЫ КАРТАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ: ПОЛЬША МЕН ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІН САЛЫСТЫРУ

Меңлібай Еркебұлан Қайырбекұлы,
erkebulanmenglibayev@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.И. Қобландин

Қазіргі таңда халықаралық қатынастар жүйесі тұрақсыздық жағдайына байланысты жылдам өзгере бастады. Жаһандық геосаясат белгісіздік бағытқа ойысып, кейбір елдер арасындағы дипломатиялық қатынастар үзіліп, экономикалық санкциялар күшейіп, бейбіт миссиялық бағыттан көрі жаппай әскери қарулану үрдісі жылдам жүруде. Осының салдарынан халықтың көші-қоны үрдісі бекітілген халықаралық нормалардан тыс, бей-берекетсіздік жағдайында жүруде.

Осы ретте, кейбір мемлекеттер шетелдегі диаспорасы арасындағы жоғары білікті мамандарды және кәсіпкерлерді инвестор ретінде тарихи отанына тарту мақсатында арнайы Картаны енгізіп, этникалық көші-қонды сандықтан көрі сапалық тұрғыда жүргізуге басымдық бере бастады. Шетелде тұратын 20 млн поляк диаспорасы бар Польша билігі «Поляк картасын» енгізу арқылы репатриация саясатында біршама нәтижелерге қолжеткізді [1]. Кейбір бейресми мәліметтер бойынша шетелде 7 млн-ға жуық этникалық қазақтар тұрады. Олармен мәдени-